

Тексеру комиссиясының төрағасы
С. Енсегенұлының «2019 жылғы облыстық бюджеттің атқарылуы
жөніндегі Тексеру комиссиясының есебі» мәселесі бойынша
баяндамасы

2019 жылға арналған облыстық бюджет Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес бекітіліп, орындалды және негізінен бюджет жүйесінің қағидаларына сәйкес келеді. Сонымен қатар, бюджетті жоспарлау және атқару кезінде уәкілетті органдар мен бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бюджет жүйесінің толықтығы, дәйектілігі, нәтижелілігі, негізділігі, уақтылығы, тиімділігі қағидаларын сақтамау фактілеріне жол берген.

Облыстық бюджеттің атқарылуын талдау экономикалық және бюджеттік жоспарлаудың **теңгерімсіздігінің** сақталуы туралы куәландырады.

2019 жылы облыстық бюджет **8** рет нақтыланып, **27** рет түзетілді. Ақтөбе облысының облыстық бюджетін нақтылау кезінде (*2019 жылдың басындағы бос қалдықтарды есепке ала отырып*) оның кірістері өзгерістерге ұшырады, ол 40 млрд.635 млн.теңгеге немесе **26,5%** - ға және шығындар 37 млрд.141 млн.теңгеге немесе **24,2%** - ға артты. Бұл жерде атап өту керектігі, салықтық түсімдер бойынша төмендетілген болжамды бекіту, оны нақты түсімдер бойынша одан әрі **түзете отыру тәжірибесі** орын алуда.

Деректерді талдау, тұтастай алғанда, салықтық түсімдер бойынша сандық көрсеткіштер орындалды, сонымен қатар түсімдер көлемін ұлғайту үшін белгілі бір резервтер бар екенін көрсетеді.

Облыстық бюджеттің шығыс бөлігі өткен жылы жүргізілген нақтылаулар мен түзетулерді ескере отырып, **190 млрд.315 млн.** теңгені құрады.

2019 жылғы облыстық бюджеттің **атқарылуы сапасына** тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізбеуге әкелген бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің **жекелеген кемшіліктері** әсер етті.

Ақтөбе облысының 2016-2020 жылдарға арналған аумағын дамыту бағдарламасының (АДБ) іске асырылуын бағалауға қатысты: Бағдарламаға жыл сайын өзгерістер енгізіледі және параметрлері нақты орындалуға түзетіледі.

Дамыту бағдарламасы бюджет қаражатының орындалу деңгейінде бақыланады алынған экономикалық және әлеуметтік әсерді көрсетпейді.

Бұл ретте, тексеру комиссиясының 2019 жылғы қызметінің нәтижелері **келесіні көрсетеді.**

2019 жылы **9** аудиторлық іс-шара өткізілді, мемлекеттік аудитпен бюджет қаражаты мен мемлекет активтерінің **253,2** млрд.теңгеге **122** объектісі қамтылды.

24,5 млрд.теңге *бюджет және өзге де заңнама бұзушылықтары* анықталды, оның ішінде қаржылық бұзушылықтар **2,4** млрд. теңгені құрайды, тиімсіз жоспарлау - **5,6** млрд. теңге, бюджет қаражатын,

мемлекет активтерін тиімсіз пайдалану - **16,5** млрд. теңгеге және рәсімдерді орындау тәртібін бұзу - **762** бірлік. Бұзушылықтардың негізгі үлесі **67,4%** бюджет қаражатын **тиімсіз пайдалануына** тиесілі.

Жүргізілген аудиторлық іс-шаралардың нәтижесінде **2,4** млрд.теңге қалпына келтіруге және өтеуге жататын бұзушылықтар анықталды. Тексеру комиссиясы бюджетке қайтаруға жататын қаражаттың түсуіне тұрақты түрде бақылауды жүзеге асырады. Бүгінгі күні (2019 жылы) **1,2** млрд.теңге іс жүзінде өтелді және қалпына келтірілді. Қалдық **1,2** млрд. теңгені құрайды.

Жүргізілген аудиторлық іс-шаралардың қорытындысы бойынша 2019 жылы **29** ұсыныс пен **767** тапсырма орындауға қабылданды, оның ішінде бүгінгі күні **28** ұсыныс (**96,5%**) және **746** тапсырма (**97,3%**) орындалды. Сот процестеріне байланысты қалған тапсырмалар мен ұсыныстар бойынша орындау мерзімі ұзартылды.

2019 жылы жүргізілген аудиторлық іс-шаралардың нәтижелері бойынша **48** лауазымды тұлғаға қатысты тәртіптік шаралар қабылданып, **60** лауазымды тұлғаға **6,4** млн.теңгеге айыппұл түрінде әкімшілік шаралар қабылданды.

Сонымен қатар, 2019 жылдың 12 айында анықталған құқық бұзушылықтар бойынша құқық қорғау органдарына іс жүргізу шараларын қабылдау үшін мемлекеттік аудиттің **23** материалы берілді.

19 (он тоғыз) облыстық мемлекеттік мекемелерде 10 624,5 млн.теңгені қамтумен жүргізілген мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау бойынша **329,4** млн. теңге бұзушылықтар анықталды, оның ішінде қаржылық бұзушылықтар – **14,9** млн. теңге, бюджет қаражатын, мемлекет активтерін тиімсіз пайдалану – **194,4** млн. теңге, тиімсіз жоспарлау – **120,1** млн. теңге және рәсімдерді орындау тәртібін бұзу-**74** бірлік.

Жүргізілген аудит нәтижелері бойынша мекемелерде еңбекақы төлеуге, іссапар шығыстарына, жанар-жағар май материалдарына бюджет қаражатын негізсіз, артық жұмсауға жол берілетіні, сондай-ақ бюджеттік өтінімдерде көзделмеген шығыстар (*ұялы байланыс*) белгіленгені анықталды.

«Ақтөбе» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ-да жүргізілген тиімділіктің мемлекеттік аудитімен **8 194,4** млн.теңге қамтылды. Анықталған бұзушылықтар **3 170,5** млн.теңгені құрады, оның ішінде қаржылық бұзушылықтар **28,6** млн. теңге, бюджет қаражатын, активтерді тиімсіз пайдалану **3 141,9** млн. теңге және рәсімдерді орындау тәртібін бұзу **30** бірлік.

Түгендеу кезінде бастапқы құны **28,2** млн. теңге болатын **12** негізгі құралдардың жетіспеушілігі анықталды. Ақтөбе облысының экономикасына немесе Қоғамның өзінің дамуына ықпал етпеген қаржылық операциялар жүргізілді, немесе қаражат тиімсіз жұмсалған: «Зерде-Строй» ЖШС-нің «Алға облыстық балалар үйі лагерінің 7 ғимаратын жылумен қамтамасыз ету» жобасы бойынша **75,0** млн. теңгеге, «А-

Полиграфия» ЖШС-нің ғимаратына күрделі жөндеу жүргізу үшін **160,8** млн. теңгеге және «Батыс-Агро 2008» ЖШС-нің ғимаратына **100,1** млн. теңгеге пайызсыз қарыз берілген.

«Ақтөбе облысының қаржы басқармасы» және «Ақтөбе қаласының құрылыс бөлімі» жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік және мемлекет **кепілдік берген борышына** жүргізілген аудитпен **50 842,1** млн.теңге қамтылды.

1 302,9 млн.теңгеге бұзушылықтар, оның ішінде **2,7** млн. теңгеге қаржылық бұзушылықтар, жалпы **1 300,2** млн. теңгеге бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлау және пайдалану және 15 бірлік рәсімдік бұзушылықтар анықталды.

Мемлекеттік аудит нәтижесі бойынша аудандық коммуналдық мүлікті басқару, облыстық коммуналдық мүлікті есепке алуды ұйымдастыру, оның тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету саласында өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының жұмысын үйлестіруді Ақтөбе облысының қаржы басқармасымен жеткіліксіз жүзеге асырғаны байқалады. Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органдармен іске асыруға ұсынылатын мемлекеттік мүлікті жекешелендіруден түсетін кірістер түсімі жоспарланбаған, оның ішінде «2016-2020 жылдарға арналған жекешелендіру туралы» қаулымен бекітілген.

Шалқар ауданында 20 236,0 млн.теңге аудитпен қамтылды. Анықталған бұзушылықтардың жалпы көлемі **2 837,2** млн. құрады, оның ішінде қаржылық бұзушылықтар **140,2** млн., тиімсіз жоспарлау **2 445,0** млн. теңге, тиімсіз пайдалану **252,0** млн. теңге және рәсімдерді орындау тәртібін бұзушылықтар 150 бірлік.

Аудит барысында анықталған қаржылық бұзушылықтар арасында: Шалқар аудандық сәулет, құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі бойынша «ЛИЛИТ» ЖШС-нің мердігеріне Шалқар қаласындағы 4 көшені жөндеу жұмыстарының орындалмаған көлемі үшін негізсіз **38,0 млн.теңге** бюджет қаражаты төленді (*шарт сомасы 146,8 млн. теңге*). Сондай-ақ, аудан мекемелерінде артық төленген жалақы, демалыс және аванстар қаражаттары уақтылы ұстамау, іссапар шығындарын негізсіз артық төлеу фактілері анықталды.

Шалқар аудандық **білім бөлімінің** ведомстволық бағынысты мекемелерінде негізгі құралдарға түгендеу жүргізу кезінде **12,4** млн.теңгеге сонымен қатар, Шалқар аудандық **кәсіпкерлік бөлімінің** теңгеріміндегі тұрғын үйлерді **5,5** млн.теңгеге тиімсіз пайдалануы анықталды.

Ойыл ауданында жүргізілген аудитпен 12 655,4 млн.теңге қамтылды. **939,9** млн.теңгеге бұзушылықтар анықталды, оның ішінде **431,9** млн. теңге қаржылық бұзушылықтар, бюджет қаражатын, мемлекет активтерін тиімсіз пайдалану **152,2** млн. теңге, тиімсіз жоспарлау **355,7** млн. теңге және рәсімдерді орындау тәртібін бұзу 184 бірлік.

Негізгі қаржылық бұзушылықтар келесідей: аудитпен қамтылған

кезеңде, *аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық* бөлімі бойынша, тұрғын үй қорынан үйлерді жалға алғаны үшін **6 516,9** мың теңге төлемеу фактілері анықталды және осы қаражатты жергілікті бюджетке өндіріп алу бойынша тиісті шаралар қабылданбаған. Сонымен қатар, **280,3 млн.теңге** негізгі құралдардың бухгалтерлік есепке алу бойынша кіріспеушілік фактілері анықталды.

Ойыл аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі бойынша 3 объектіде **21,8** млн.теңгеге орындалмаған құрылыс жұмыстары анықталды.

Ойыл *ауылдық округі* әкімі аппаратында белгіленген электр беру желілері пайдалануға берілмегені, осылайша **91,3** млн.теңгеге бюджеттік заңнама ұстанымдары (*"негізділік" және "тиімділік" қағидаттары*) сақталмағаны анықталды.

«Ойыл аудандық ауыл шаруашылығы және кәсіпкерлік бөлімі» ММ-де 16 мал шаруашылық қожалықтары селекциялық жұмыстар жүргізуге жалпы көлемі **970,0** мың теңге субсидиялар алып, әрі қарай селекциялық жұмыстарын жүргізбей 92 ірі қара малдың аналық бастарын сатып жіберген.

Ақтөбе қаласы бойынша өткізілген мемлекеттік аудитпен **102 942,5** млн.теңгеге **34** мекеме қамтылды. Анықталған бұзушылықтардың көлемі **14 381,9** млн.теңгені құрады, оның ішінде **1 503, 8** млн. теңгеге қаржылық бұзушылықтар, **11 809,3** млн. теңге бюджет қаражатын тиімсіз пайдалану, **1 068,8** млн. теңге тиімсіз жоспарлау және рәсімдерді орындау тәртібін бұзу 237 бірлік.

Құрылыс бөлімі мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі бойынша мердігерлерге объектілерді салу және күрделі жөндеу кезінде орындалмаған жұмыс көлемінің **1 005,6** млн. теңгеге негізсіз төлем анықталды.

«Табыс Ақтөбе» ЖШС-де қаржылық бұзушылықтар **21,5** млн.теңгені құрады, оның ішінде **11,5** млн. теңгеге көлемдерді тіркеу жолымен қатты тұрмыстық қалдықтар полигонында (ҚТҚ) арнайы техника қызметіне, орындалмаған жұмыс көлемі үшін төлеп жіберген, сондай-ақ жарғылық капиталдағы бюджеттік инвестициялар жалпы сомасы **10,1** млн. теңгеге бекітілген қаржылық-экономикалық негіздемеге сәйкес іске асырылмаған,

Жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімінде жер учаскелерінің мақсатты пайдаланылуына және жер пайдаланудың уақытында есептеуіне тиісті бақылаудың және мониторинг жүргізілмеуіне байланысты жергілікті бюджет кірісіне **44,1** млн.теңге қаражат өндірілмеген, жалдау және несие бойынша тұрғындардың уақытында есептеулері қамтамасыз етілмеген, оның қарызы **8,4** млн. теңгені құрады. Бұдан басқа, *тұрғын үй қатынастары бөлімі бойынша* кезекте тұрғандарға, облигациялық қарыз есебінен салынған жалға берілетін және тұрғын үйлердегі пәтерлерді негізсіз және заңсыз бөлуге байланысты қалалық бюджет шығындары **2 201,8** млн.теңгені құрады.

Экономика және қаржы бөлімімен бюджетаралық қатынастардың өрескел бұзылуына жол берген, белгіленген мерзімде **8 054,9** млн.теңге тұрғын үй қарыздарының қайтарылуын қамтамасыз етпеген. *Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінде* қаланы көгалдандыруға жалпы сомасы **71,4** млн.теңге, отырғызылған 1000 көшеттің 90% - дан астамы құрғап кеткен. *Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімімен* **56,8** млн. теңге жұмыссыздарды кәсіптік оқытуға және қайта даярлауға, олардың жұмысқа орналасуының төмендігіне байланысты қаражат тиімсіз пайдаланылды. *Ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі* асыл тұқымды мал сатып алуға және жеміс ағаштарын өсіруге бөлінген **2,2** млн.теңге субсидиялардың мақсатты және тиімді пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етпеді.

Білім беру бөлімімен **500,0** млн.теңге тұраты ғимарат сатып алынды, оны оқу орнына қолдануға болмайды (*өйткені ғимарат аумағында қалалық және жұмыспен қамту орталығы бар*). Бүгінгі күні бұл ғимаратта білім беру қызметімен айналысуға лицензиясы жоқ №62 орта мектеп орналасқан (*қуаты 500 орын, іс жүзінде 811 бала оқиды*), бұл бюджет қаражатын тиімсіз пайдалануға әкеп соқты және түпкілікті нәтижеге қол жеткізілмеді.

Құрылыс бөлімі бойынша «Кирпичный» тұрғын аланындағы «Әсем» лагерінің жеке жер учаскесінде салынған, қуаты 300 орындық «Жыл бойы оқытатын лагерьге арналған оқу корпусы» 2018 қазан айынан осы уақытқа дейін пайдаланылмай тұрғандығы анықталды, бұл 800,8 млн.теңгеге бюджет қаражатының тиімсіз жұмсалыуына алып келді. Осылайша, осы инвестициялық жобаның тиімділігін бағалау көрсеткіштеріне қол жеткізілмеген. (*материалдық-техникалық базаны нығайту, жаңа жұмыс орындарын құру, сондай-ақ Ақтөбе қаласының мектеп жасындағы балаларға арналған 300 жаңа орын құру*).

Жүргізілген аудит қорытындысы бойынша тексеру комиссиясы **Ақтөбе қаласы әкімдігінің** коммуналдық меншікті есепке алу және тиімді басқару бойынша **қанағаттанғысыз** жұмысы аталып өтілді. «Тазалық» мекемесін тарату рәсімдерінде, «Таза қала» және «Тұңғыш Президент атындағы орталық саябақ» мекемелерін жекешелендіру және сенімді басқаруға беру рәсімдерінде бұзушылықтар жіберілгендігі анықталды.

Тексеру комиссиясы отырысының қорытындысы бойынша жол берілген қаржылық бұзушылықтар үшін облыстың құқық қорғау органдарына құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, тұрғын үй қатынастары бөлімдері, «Табыс Ақтөбе» және «Ақтөбе қаласының тиімді даму орталығы» мекемелер бойынша материалдар тапсырылды.

Тексеру комиссиясы **мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде** іс-шаралардың іске асырылуына мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізуді қолданады.

2019 жылы «Ақтөбе облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы» және «Ақтөбе облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасында» **2015-2019**

жылдарға арналған «Нұрлы жол» инфрақұрылымдық даму мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде іс-шараларды іске асыруға мемлекеттік аудит жүргізілді. **24 989,5** млн. теңге қамтылды. Анықталған бұзушылықтар көлемі **389,0** млн. теңгені құрады, оның ішінде қаржылық бұзушылықтар – **297,5** млн. теңге, бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлау – **91,5** млн. теңге және рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар – 13 бірлік.

Аудит барысында бюджет қаражаттары есебінен салынған 4 нысан арасында («Хромтау ауданы Дөң ауылында 600 орынға арналған орта мектеп құрылысы», «Мұғалжар ауданы Сағашілі ауылында 320 орындық орта мектеп құрылысы», «Байғанин ауданы Қарауылкелді ауылында 100 орындық интернаты бар 300 орындық мектеп салу», «Алға қаласында 100 орындық интернаты бар 600 оқушыға арналған орта мектеп құрылысы») «Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Сағашілі ауылында 320 орындық орта мектептің құрылысы» бойынша орындалмаған жұмыстардың құны **68,0** млн. теңгені құрады.

Құрылыс басқармасы бойынша 2018 жылдың соңында аяқталған 3 (үш) объектіні уақытылы облыстық коммуналдық меншіктен аудандық коммуналдық меншікке беру бойынша жұмыстар орындалмаған. Бұдан басқа, «Нұрлы Жол» бағдарламасы аясында Ырғыз ауданы Ырғыз ауылында 100 орындық интернатымен 300 орындық мектептің құрылыс жұмыстары 2017 жылы басталған осы уақытқа дейін аяқталмаған, яғни министрлік пен әкім арасында көзделген мемлекеттік *білім беру ұйымдарының санын білім беру ұйымдары желісінің кепілді мемлекеттік нормативіне дейін жеткізу* туралы келісім орындалмаған.

Сондай-ақ, бағдарламаның міндеттерінің бірі өңірдің жылу, сумен жабдықтау және су бұру желілерінің тозуын төмендету болып табылады. Облыстың осы бағыты бойынша 2015-2018 жылдар аралығында 39 жобаны іске асыруға **22,5** млрд. теңге бөлінді. Өткен жылдарды талдау облыс бойынша желілердің тозуының төмендегенін көрсетті, ол **тек осы бағдарламаның ғана емес**, сонымен қатар басқа да бағдарламалардың, сондай-ақ жөндеу жұмыстарының және жаңадан салынған желілерді енгізудің нәтижесі. Жергілікті атқарушы орган «Нұрлы Жол» бағдарламасы шеңберінде жылумен, сумен жабдықтау және су бұру желілерінің тозу индикаторларының жоспарлы көрсеткіштері **белгілемеген**, осыған байланысты осы бағдарлама шеңберінде бөлінген қаражат және қойылған мақсаттарға қол жеткізу тиісті дәрежеде бағаланбайды.

Осылайша, **жүргізілген аудиторлық іс-шаралар** негізінен бюджет қаражатын жоспарлау және жұмсау кезінде бюджет және өзге де заңнаманың бұзылуына бюджеттік бағдарламалар басшылары тарапынан **тиісті бақылаудың болмауына байланысты жол берілетінін көрсетеді**. Квазимемлекеттік сектор субъектілері аудитінің нәтижелері ведомстволық бағынысты кәсіпорындардың қаржы-шаруашылық қызметін жүргізу талаптарын сақтау бойынша мемлекеттік органдардың **жеткіліксіз үйлестірілген жұмысын көрсетеді**, бұл көбінесе бюджет қаражатын

бақылаусыз жұмсауға әкеп соқтырады.

Назарларыңызға рахмет!